



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



**«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫ:
АҒМАҚТЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ»
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ - ПРАКТИКАЛЫҚ КОНТЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Павлодар
2010

МАҚСАТЫМЫЗ – ТІЛІМІЗДІ ТИЕСІЛІ ТҰҒЫРЫНА ҚОНДЫРУ

М.М. ӘБДІРАХМАНОВ

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымының басқарма төрағасы

«...Қазақ елі барда – қазақ тілі болады»

Н.Ә. Назарбаев

Әлемде барлығы 6-7 мыңдай тіл бар екен. Ұлыбритания ғалымы Дэвид Кристл өзінің «Тілдердің өлімі» атаулы кітабында әрбір екі апта сайын бір тіл өліп отырады деп көрсетеді. Бұл орайда ЮНЕСКО 2009 жылы қайта басылып шыққан «Жоғалып кету қауіпі бар әлем тілдерінің Атласында» бүгінде 2498 тілге тарих бетінен мүлде өшіріліп қалу қауіпі төніп тұр деп дабыл қағады. Бұл – өсіресе қазіргі жаһандану дәуірінде белең алған үрдіс болса керек. Тіл дегеніміздің нәзік те күрделі құбылыс екені белгілі. Егер оның заңды иесі, қорғаушысы болмаса, электорат тарапынан сұраныс, қажеттілік туындамаса, қай тілдің болсын тағдыры мүшкіл болары хақ. Бұл орайда қазақ тілінің де бүгінгі болмысы мен алдағы болашағы алаңдатады.

Егеменді елдер қатарына қосылғанымызға да 20 жылдың жүзі болып қалыпты. Осы уақыт аралағында ұлттық тілімізді дамытып, оны өзінің тиесілі тұғырына қондыру үшін қандай игілікті істер тындырдық, неге қол жеткіздік деген сауал «ұлттым» деген азаматтың қай-қайсын болса да селсоқ қалдырмақ емес. Еліміздің Мұхтар Шаханов бастаған бір топ зиялы қауым өкілі бұл жайында айтып та, жазып та келеді. Өзінің жаңа бағдарламаның жобасы жайында мерзімді басылым тілшісімен болған бір сұхбатында Мұхтар: «Мемлекеттік тілде сөйлеушінің кемел бейнесін қалыптастыру үшін телешоулар ұйымдастыру, фильмдер мен клиптер, БАҚ құралдарын қолдау аздық етеді. Ғылым мен техника, коммерция және тұтыным, дипломатия, жарнама тағы басқа салалардағы қазақ тілінің қолданысына да арнайы тоқталып, мақсат-міндет қою керек еді» дейді.

Кейінгі жылдары тілдерді дамыту мақсатына мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлініп, нелер жобалар өмірге келіп жатса да, нәтиже көңіл толтырмайды. Болжалды пікірлерге сүйенсек, мемлекеттік тілді игеріп, өмірге енгіуде ел аумағында жеткен межеміз әлі де орта жолдың әрі-берісінде екені байқалады. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының дерегі бойынша аймақтағы кіріс-шығыс құжаттарының орташа деңгейі 70-80 %-ға жетіпті. Жалпы жаман көрсеткіш емес. Алайда бұл тек ресми органдардың кеңсе құжаттарын орысшадан қазақшаға аударылып, қос тілде хаттаған нұсқалары ғана.

Ал ұлтымыздың негізгі мақсаты – тілімізді жалпыхалықтық қарым-қатынас тіліне айналдырып, өмірдің барлық саласына толыққанды енгізу емес пе?!

Өкінішке қарай, қазірде мемлекеттік тілімізді Қазақстан Республикасы Мемлекеті де, (Елбасыны қоспағанда), Үкімет те, Парламент те еркін игерді деп айта алмаймыз. Әсіресе шет елдерде жүрген елшілеріміз, ол жаққа іссапармен барған басшы қызметкерлеріміз бұл тілді мүлде қолданбайды десек, шындықтан онша алшақ кетпеген болармыз. Әрине, мұндай жағдайдың өзіндік себеп-салдары да барын жоққа шығаруға болмайды. Бұл арада қоғамымыздағы қазіргі кездегі қалыптасқан тілдік жағдайдың, әлем тілдерінің өктем әсерін айтпасқа болмайды. Екі бірдей заңдағы жіберілген босандықтың, екіұштылықтың салдарынан, мемлекеттік тіл деген мәртебесі бола тұра, қазақ тіліне деген қажеттіліктің, сұраныстың жоқтығы, жүйелі түрде қалыптасқан тілдік ортаның болмауы, тіліміздің қолдану аясының тарлығын қосқанда көптеген мәселелер өз-өзінен түсінікті болады.

Осы іспеттес олқылықтар қазіргі қоғамымызға ұсынылып отырған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» да орын алғанын жоғарыда тілге тиек еткен едік. Әсіресе ондағы орыс тілінің қолдану және оқыту деңгейін сақтау, ағылшын тілін оқытуға қаржы бөліп, қамқорлыққа алу деген сияқты ұсыныстардың енгізілуі дұрыс болмағанға ұқсайды. Неге десеңіз – мемлекеттік тіліміз тағы да баяғыдай екі әлемдік тілдің ықпалында қалмақ. Өйткені орыс тілін оқыту бізде қашанда жоғары деңгейде болып келді және бола да бермек. Тіпті, іс жүзінде ол тіл мемлекеттік тілдің функциясын толық атқарып отыр деуге болады. Ал ағылшын тілін бесіктен белі жаңа шығып келе жатқан сәбиге үйрету мүлде қиянат. Бұл дегеніміз «шала қазақтардың» санын әрі қарай көбейтіп, өскіннің де, тіліміздің де болашағына балта шапқанмен бірдей дер едік. Тоқыраудан кейін жаңадан жаңғырып, жасарып, толысып келе жатқан ұлттық тілімізді екі алып тілмен бәсекелестікке түсіріп жіберу де ағаттық болған болар еді. Белгілі тіл ғалымдары бұл орайда дамыған елдер тәжірибесіне сүйеніп, екі тілді де баланың бұғанасы қатып, ой өрісі толыса бастаған шағынан, яғни бір мүшелге толған 12-13 жасынан бастап оқыту керек екенін айтып жүр. Осыған орай және басқа да пікірлерімізді ағымдағы жылдың тамыз айында «Достық үйінде» айтылмыш бағдарламаны талдауға арналған жиында облыстық «Қазақ тілі» қоғамы белсенділері атынан айтқан болатынбыз. Оған жаңағы құжаттың авторының бірі – ҚР Мәдениет министрінің

хатшысы Жанна Дулатқызы Құрманғалиева қатысып, баяндама жасаған еді. Жалпы алғанда, талдау барысында айтылған ескертелер ескерілсе, заңдық күші бар бұл бағдарлама алдағы онжылдықта ана тілімізді, өзге ұлт өкілдері тілдерін жаңғыртып, дамытуда айқын бағдашам боларына көміл сенеміз.

Құрметті қауым, әрі қарай назарларыңызды Қоғамның қазіргі хал-ахуалы мен атқарып жатқан іс-шараларына аударып, қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік. Қазақстан Республикасы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі 1989 жылдың 22 қазанында өмірге келгенінен хабардар боларсыздар. Ел өміріндегі осы елеулі оқиғаның 20 жылдығы өткен жылы Астана қаласында арнайы өткізілген Конференцияда атап өтілді. Оған Павлодар облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бастығы Т.Ш.Әбілқасымов, «Ана тілі» орталығының директоры Ж.Н.Жәмінов және «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымының басқарма төрағасы М.М.Әбдірахманов делегат ретінде қатысты. М.Әбдірахмановтың Конференцияда сөйлеген сөзі осы Қоғамның үнпарағы «Қазақ елі» газетінің өткен жылғы №29-30 санында «Бірлік тілі – тірлік үні» деген атаумен жарық көрді. Жыл барысында аймақтарда, солардың ішінде біздің өлкемізде де Қоғамның Мережелі жылына арналған біршама іс-шаралар тындырылды. Өткен уақытта Қоғам тарапынан атқарылған ауыз толтырып айтарлық қомақты іс-шаралар жайында оның Президенті Өмірзақ Айтбайұлы былайша түйіндеген еді: «Қоғамның тынбай 20 жыл бойы еліміздегі тұрақтылық пен келісімді сақтай отырып, атқарған жұмыстары мен әрекеттерінің арқасында, тікелей оның ықпалымен мынандай нәтижелерге қол жеткізді деп есептейміз. Мәселен, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының, 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының әзірленіп қабылдануына, Тіл мәселесімен тікелей айналысатын ресми мекеме – Тіл комитетінің құрылуына, Мемлекеттік қызметке қызметкерлер қабылдағанда тестке мемлекеттік тілге және тіл туралы заңға қатысты сұрақтардың енгізілуіне, Ел президенттігіне кандидаттардың мемлекеттік тілден емтихан тапсыру талаптарының қойылуына, жоғары лауазымды мемлекеттік қызметшілердің көпшілік алдында Елбасының қатысуымен «Ант» қабылдауына, Елбасының 2006 жылғы жарлығымен бекітілген облыстар мен Алматы, және Астана қалаларында ісқағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшіру туралы кестесінің жасалуына, бұрынғы жабылып қалған қазақ мектептерінің қайта ашылып, олардың санының едәуір арта түсуіне қол жеткіздік. Оған Тәуелсіздік жылдары ашылған қазақ мектептерінің көрсеткіштері оның айқын дәлелі деп білеміз. Сонымен

қатар Үкімет жанынан Премьер-министрдің өзі төрағалық ететін Мемлекеттік тіл мәселесі жөнінде арнайы комиссия құрылғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Ол комиссия жұмысына тұрақты түрде қатысып, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының үні мен ұстаным-пікірлерін ашық та айқын білдіріп отырамыз».

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Павлодар облыстық ұйымы 1990 жылғы 17 қарашада құрылды. Оның төрағалық қызметіне **ЖЕҢІС МАРДАНОВ** (1945-2001ж.ж.) сайланды. Сол жылдың қазан айында Жәкеңнің тікелей басшылық етіп, ұйымдастыруы арқасында ұйымның ақпараттық үні «*Дауа*» атаулы газеті жарық көрді, өлкеміздегі рулар мен тайпалардың баба тарихы мен шежіресін қамтитын қомақты «Шежіре» атаулы жинақ баспадан шықты. Жалпы қазақтың хандары, би-батырлары, көсемдерімен қатарлас Ертістің Кереку өңірінің зиялылары мен жайсандарының асыл мұралары ата жұртына қайта оралу кезеңі бастау алды. Нақтылап айтар болсақ, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Павлодар облыстық ұйымы мерейлі 20 жылдығына арналып облыстық тіл басқармасының ынталандыруымен екі мәрте «дөңгелек үстел» ұйымдастырылып, Қоғам белсенділері кейінгі жылдары жарық көрген академиялық қазақша-орысша сөздіктермен, қазақ тілінің түсіндірме, орфографиялық, орфоэпиялық және басқа оқу-әдістемелік құралдарымен марапатталды. Мемлекеттік тілді әрі қарай дамытып, қолдану аясын кеңейтуге арналған іс-шаралардың дені осы Мерейлі жылды жас ұрпақтың жадында қалдырып, олардың қазақ тіліне деген құрметін баулып, оны оқып-үйренуге құштарлығын арттыруға бағышталды.

Мерейлі жылдың басты мерекесіне 2009 жылғы 24 қыркүйекте «*Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!*» деген девизбен өткізілген Қазақстан халқы Ассамблеясының Павлодар бөлімшесіндегі ұлттық-мәдени орталықтардың жыл сайынғы дәстүрлі фестивалін жатқызуға болады. Онда Қоғамның аймақтық Ұйымының өткен уақыт аралығында жүріп өткен жолы арнайы дайындалған «*Тұңғыш тіл заңына 20 жыл*» және «*Тіл мәртебесі – ел мәртебесі*» атаулы стендтер мен кітап көрмесінде жақсы көрініс тапты. Естай Беркімбаев атындағы қалалық мәдениет сарайында болып өткен осы мерекеде жиырмаға тарта ұлт өкілдері қазақ өндерін әуелетіп, оның салт-дәтүрі мен өнерін көрушіге паш етті. Бес адам: олардың ішінде Қоғамның Ертіс аудандық ұйымының төрағасы, оның өткен 4 съезінің делегаты, ҚР жазушылар одағының мүшесі *Мубәрак Жаманбашинов*, Қоғамның Екібастұз қалалық ұйымының төрағасы, оның өткен 4 съезінің делегаты, ҚР журналистер одағының мүшесі *Жұмағали Қоғабәев*, Қоғамның Шарбақты аудандық ұйымының төрағасы *Қаһарман*

Зағыт, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі *Ульян Мақұл* және осы жолдардың авторы *Мұрат Әбдірахманов* облыс әкімінің алғыс хатымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қоғамның облыстық ұйымы төраға орынбасары *Тоғайбай Кентаев* ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тілдерді дамыту жөніндегі комитетінің алғыс хатымен марапатталды. Десек те, өлкеміздің тіл жанашырлары тіл мерекесінің алдағы уақытта жалғасын күткендей еді. Онысы – Ертістің Павлодар өңірінде «Қазақ тілі» қоғамдық Ұйымының өмірге келуі лайықты деңгейде аталып өте ме, жоқ па деген күмәнді сауал болатын. Мұндай күдіктің негізсіз емес екені де әр кезде байқалып қалып жүрді. Қаржысыз қоғамның қауқары неге жетеді дегендей... Уақыт – керуен. Сынаптай жылжып сындарлы шақ келгенде бұл істі кезінде Қазақстан Республикасы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының іргесін академиктер *Әбдуали Қайдар* және *Өмірзақ Айтбайұлы* сынды ұлағатты, ұлтжанды азаматтармен бірлесе қаласқан, сол кезде ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі болып тұрған шағында Қоғамның тұңғыш вице-президентіне сайланған өлкеміздің ер мінезді, намысшыл азаматының бірі - *С.Торайғыров* атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор *Ерлан Мұхтарұлы Арын* мырза қолға алып, аса жоғары деңгейде атқарып берді.

«Қазақ тілі» қоғамының 20 жылдығы 2010 жылғы наурыздың 17 күні *С.Торайғыров* атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде өткізілді. Осы мерейлі жылға арналған салтанатты Мерекенің бағдарламасы негізгі 3 бөлімнен жасалып, іске асырылды.

Алдымен Қоғам белсенділері мен тіл жанашырларына қошемет көрсетіліп, марапаттау рәсімі өткізілді. Ұйымның 15 белсенді мүшесі, оның ішінде Қоғамның «Ертіс дидары» газетінің редакторы, ҚР жазушылар одағының мүшесі *Арман Қани*, Қоғамның Железинка аудандық ұйымының бұрынғы төрағасы *Мәті Бахтияров*, Лебяжье аудандық ұйымының бұрынғы төрағасы *Қабидолла Әлібаев*, Баянауыл аудандық ұйымының бұрынғы хатшысы *Қайрат Әбен*, Ақсу қалалық ұйымының бұрынғы төрағасы *Залмұқан Арынов*, Екібастұз қалалық ұйымының тұңғыш төрағасы *Серік Жақсыбаев*, Павлодар қалалық ұйымының тұңғыш төрағасы *Биеке Болатов* - Павлодар облыстық мәслихатының Құрмет Грамотасымен; ПМУ профессорлары *Олжабай Жармакин*, *Амантай Құдабаев*, *Айтмұхамбет Тұрғышев* және Қоғамның Баянауыл аудандық ұйымының бұрынғы төрағасы *Алтысбес Әділханов* - Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Алтын белгісімен»; ПМУ профессоры *Айман Зейнуллина* - ҚР мәдениет және ақпарат Министрінің Алғыс хатымен; Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы

Павлодар облыстық ұйымының төрағасы *Мурат Әбдірахманов* пен ПМУ профессоры *Қуандық Жүсіпов* Павлодар облысы әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін Белгісімен», Қоғамның Успенка аудандық ұйымының бұрынғы төрағасы *Сағидолла Бахралинов* Павлодар облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымы өзінің белсенді 26 мүшесін Құттықтау хатпен және Мерейтойға арнап ішіне «Қоғам белестері» кітабы салынған папкалар табыс етіп, қошемет көрсетті. Университет басшылығы тарапынан кезінде Қоғамның облыстық ұйымын құрысу барысында оның зіл-батпан жүгін қара нардай бірлесе тартысқан, өңгелі істерімен ел жадында қалған тұлғалар *Жеңіс Марданов*, *Ермек Өтебаев*, *Тілеуке Еңсебаевтың* зайыптары *Марданова Сұлухия Елеуқызы*, *Өтебаева Гүлжиһан Уалиқызы және Еңсебаева Зейнет Қуантайқызына* шапан жабылып, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Марапаттау рәсімінен соң университеттің студенттік филармониясының «Ертіс әуендері» ән-би ансамблі жиналғандарға тамаша концерт тарту етті. Осы оқиғадан сәл кейінірек «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымына қашанда қолдау көрсетіп, көптеген игілікті істерді бірлесе атқарысуға мұрындық болып жүрген Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма бастығы *Талғат Шәйкеноұлы Әбілқасымов* мырзаға «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» атағы берілді. Бұның бәрі - Ертістің Павлодар өңірінде кейінгі бір-ер жыл шамасында төл тілімізді жаңғыртып, әрі қарай дамыту ісінде айтарлықтай сергіліс барының айғағы деп білеміз.

Екінші кезекте, «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымының 20 жылдық тарихынан шынайы сыр шертетін естелік материалдардан құрастырылған «Қоғам белестері» атты кітаптың, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик *Ө.Айтбайұлының* қазақ тілі проблемалары жөніндегі 4 томдық ғылыми еңбектерінің және филология ғылымдарының кандидаты, профессор *А.Ж. Құдабаев* құрастырған 43 томдық «Қазақ тілінің анталогиясы» атаулы топтаманың тұсау кесер рәсімдері өткізілді. «Қоғам белестері» жинағына 60-тан астам авторлық материалдар енгізілді. Онда тек қана Қоғам тарихына қатысты материалдар қамтылып қоймай, тіл мамандарының сұранысына сай келерлік тілдік көкейкесті проблемалар мен оқу-әдістемелік тәжірибелер, ономастика, топонимия, жарнама мәселелері де кеңінен қозғалады.

Одан кейін салтанатты мереке университеттің «*Студенттер ауылы*» деп аталған киіз үйлерде жалғасып, қонақтарға мерекелік дастархан жайылып, алдағы Наурыздың дәстүрлі дәмі – «Наурыз көжесі» ұсынылды. Той тойға ұласып, қыз-бозбала Алтыбақанда тербеліп ән салып, Көкбар додасына қатысып, өнер көрсетті.

Тойға келген зиялы қауым өкілдері – қадірлі ақсақалдар мен аяулы бәйбішелер, университеттің ұлағатты ұстаздары ризашылығын білдіріп, қол жайысып, ақ тілегін айтып, ақ батасын берісті.

Осы мерейтойды көңілдегідей ұйымдастырып, оны өткізуді тікелей басқарған С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың проректоры Роза Жұмабаевна Қадысова ханымға, ұйымдастыру-бақылау және кадрлық жұмыс департаментінің директоры Бағұстар Тұрсынұлы Сапаров, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер департаментінің директоры Нариман Бақтыбайұлы Әбілшайықов, ректордың көмекшісі Әлібек Юрьевич Мұсаев мырзаларға, университет филармониясының директоры Махамбетова Мәдина, студенттік театрдың режиссері, ҚР мәдениет қайраткері Бахтиярова Гүлбарам ханымдарға, «Студенттер ауылы» басшы азаматтарына және «Қоғам белестері» мен «Білгенге – маржан» атаулы кітаптарды жақсы талғам деңгейінде баспадан шығарған «Кереку» баспасының директоры Гүназ Ниятқызы Сейтахметова ханым басқарған ұжым қызметкерлері-Мәдина, Зәуреш, Алтынай есімді қарындастарымызға үлкен рахметімізді айтып, алдағы уақытта да еңбегінің жемісін көріп, мерейлері үстем болсын деген тілек білдіреміз.

Әрине, мұндай игілікті іс-шарларды облыс әкімі *Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев* мырзаның қолдауынсыз жүзеге асыру мүмкін емес екені анық. Аймақ басшысы туған тіліміз бен төл мәдениетімізді әрі қарай дамытуда азаматтық танытып, көптеген ауқымды істердің басы-қасынан көрініп жүр. Осыған орай Бөкеңе шынайы ризашалағымызды білдіріп, алдағы істері нәтижелі болсын деген тілек білдіреміз. Облыс әкімінің ұлттық тілімізді әрі қарай дамытып, өмірге енгізу ісін тікелей өз қүзырына алып, өлке аумағында жүргізіліп жатқан келелі істердің көшбасшысы болуы аймағымызда ана тіліміздің мәртебесінің үстем боларының берік кепілі деп білеміз.

Өзінің былтырғы осы тәрізді конференцияда сөйлеген сөзінде өлкеміздің аяулы азаматының бірі Ерлан Мұхтарұлы Арын: «Ел боламыз десек, иманды да ибалы ұрпақ тәрбиелейміз десек, баршамыз жұмылып тілімізді ардақтап, құрметтеп, оған қамқор болуымыз керек. Осы орайда жастарға айтарым, сендер – ұлы түркі өркениетінің мұрагерлерсіңдер. Ата-бабаларымыз асыл сөздерін Орхон-Енисей ескерткіштеріне ойып жазған, соның арқасында ежелгі түркі тілін бүгінгі заманға жеткізді. Өкінішке орай, бүгінде кейбір жастарымыз туған тіліне мән бермей, оған мәнғүрттік, нәмқұрайлықпен қарайды. Сондықтан Мемлекет басшысының: «Қазақтың қазақтығының белгісі – қазақша сөйлеуі. Үйде де, түзде де. Қазақ елі барда қазақ тілі де болады» деген сөзін естен шығармаңдар дегім келеді» деп ағынан жарылып, ақыл айтқан еді. Сол айтқаны орындала берсін. Баршамыз соның куәгері болайық, ағайын, деген тілек білдіремін.